

Бекітілді: 
Мектеп директоры: М. Есембаев



«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі»КММ

«Балдәурен» шағын орталығы

Тексерілді: 
Әдіскер: М.Меткенова

**«МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН»
Ересек топ балаларына арналған
ұлттық тәлім-тәрбие
БАҒДАРЛАМАСЫ**

2021-2022 оқу жыл

Түсінік хат

«Мен елімді сүйемін» бағдарламасы вариативтік бөлім бойынша ұлттық тәлім-тәрбие оқу іс-әрекетінде қолданылады. Барлығы-36 сағат, аптасына-1 сағат.

Өркениетке ұмтылған бүгінгі күннің талабына орай болашақ ұрпақты ұлттық тәлім-тәрбие өнегесіне сүйене отырып парасатты тұлға ретінде қалыптастыру, ақыл-ой, таным қабілеттерін жетілдіру, дербес іс-әрекетке баулу, адамгершілік, эстетикалық сезімталдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу міндеттері қойылып отыр. Ұлттық салт-дәстүрдің тәрбиелік қағидаларын ұрпақ бойына сіңіру баланың мектепке дейінгі кезеңнен отбасы, балабақша арқылы орнығатын ұзақ үрдіс. Қазақ халқының бай мұрасы, тұрмысындағы терең мазмұнды мәдени ұлттық ерекшеліктері, бүлдіршіндердің талғам-сезімдеріне, қиялдары мен ерік-жігерлеріне ықпал етіп еңбекқор болып өсуіне тигізер маңызы зор.

Хрестоматиялық материалдарды сонымен қатар оқу іс-әрекетінен тыс уақытта балабақшада өткізілетін ойын-сауықтар мен ертеңгіліктерде қолдануына болады. Мәселен, балалар өтірік өлеңдер мен айтысты жатқа әуенмен айтуды үйренсе, ойын-сауықтар мен ертеңгіліктерде бала өз өнерін ортаға салады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру стандарты. Астана 2007 ж.
2. Ә. Табылдиев. «Халық тағылымы» Алматы 1992 ж.
3. Әбілова З.Ә., Қалиев Қ. «Этнопедагогика оқулығы» Алматы 1999 ж.
4. Жаттамақ: тақпақтар, өлеңдер. Алматы 1994 ж.
5. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана 2007 ж.
6. Қалиев С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Алматы 1999 ж.
7. Құралұлы А. «Ұлттық дүниетаным» Алматы 2002 ж.
8. Әдеп әліппесі. Ә. Табылдиев. Алматы 1997 ж.
9. Бәдел А. «Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы» Астана 2011 ж.
10. Ә. Ақыпбекұлы «Керек кітап» өлеңдер жинағы Алматы 2006 ж.

Мақсаты:

Балалардың ұлттық тәлім-тәрбие туралы дүниетанымын кеңейтіп, ойын-сауықтар арқылы ұлттық мұраларды танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

1. Балалардың бойына адамгершілік құндылықтарды дарыту
2. Ұлттық қазынамызды қастерлей білуге үйрету
3. Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту

Білім, білік, дағды:

- Балалардың жеке тұлға ретінде дүниетанымын қалыптастыру.
- Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндігін, олардың коммуникативті-тілдік құзыреттіліктерін арттыру.

Мазмұны:

1. Күнтізбелік жоспар
2. Өтірік өлеңдер
3. Ұлттық ою-өрнектер
4. Өлеңдер
5. Құстарға қарап, ауа-райын болжау
6. Қонақ түрлері
7. Нан түрлері
8. Ат әбзелдері
9. Бата-тілектер
10. Ұлттық үй жиһаздары
11. Ұлттық киім түрлері
12. Ұлттық ойындар
13. Күтілетін нәтиже
14. Пайдаланған әдебиеттер

Күтілетін нәтиже:

1. Балаларды ұлттық негіздегі сапалы білім негізінің іргетасы қаланады.
2. Балалар ұлттық дәстүрлермен танысып, оны өмірмен байланыстыра алады.
3. Ана тілінде мәдени сөйлеу шеберліктері артады.
4. Балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттері шындалады.
5. Балалардың бойында адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ұлттық ойындар

Арқан тартыс



Арқан тартыс – Наурыз мейрамы кезінде жиі ойналатын ұлттық ойын түрі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Қатысушылар саны – 10-12 адам. Ойынды басқарушының берген нұсқасы бойынша сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап, қатар санын сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп, тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Кейде Наурыз тойына жиналған әр ауылдың қатысушылары ойынды қызықты ету үшін жеке-жеке топ құрып ойнайды. Ойыншылардың мақсаты – екі топ

бірін-бірі ортадағы белгіден ілгері тартып әкету. Қарсы топты қайсы бұрын тартып әкетсе, сол топ жеңімпаз, деп танылады.

32

5

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекті құралдар	
1	Қазақша амандасу	Қол алысып, құшақтасып, амандасу түрлерін түсіндіру. Бір-бірімен, үлкендермен амандасу дағдыларын қалыптастыру.	Амандасу түрлерін суреттері	1
2	«Адам» деген ардақты ат	Адамға тән қасиеттермен таныстыра отырып, адамгершілікке байланысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету.	Көңіл-күй суреттері, тыйым сөздер	1
3	Тіл мен ұлт	Балаларға адам өміріндегі туған тілі мен ұлтының маңызы туралы түсінік беру. Тілін, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. Балалардың сөйлеу мәнерлілігін дамыту.	Қазақ халқының суреттері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар	1
4	Ұлттық ою-өрнектер	Ұлттық ою-өрнектер атауымен таныстырып, оның мағынасы туралы түсініктерін кеңейту. Ою-өрнектерді табиғи заттармен байланыстыру машықтарын жетілдіру.	Ою-өрнектер	1
5	Тазша баланың өтірік өлеңдері	Өтірік өлең туралы түсінік беру. Өтірік өлең мазмұнын талдау арқылы өтірік пен шындықты ажырата білуге үйрету. Қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру.	Тазша баланың суреті, өтірік өлеңдер жинағы	1


6	Тазша баланың өтірік өлеңдері	Бірнеше өтірік өлеңнің мазмұнын балалардың өздеріне талдату арқылы жатқа айтуға үйрету.	Тазша баланың суреті, өтірік өлеңдер жинағы	1
7	Жыл құстары	Жыл құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, құстар туралы айтылған нақыл сөздердің мәнін түсіндіру.	Жыл құстары суреті	1
8	Құстарға қарап ауа-райын болжау	Құстарға қарап ауа-райын болжаудың әдістерімен таныстыру.	Түрлі қалыпта құстар суреті	1
9	Қазақша отыру түрлері	Балаларды қазақша отыру түрлерімен таныстыру. Қыздар мен ұлдарға тән отырыстар болатынын түсіндіру. Әдептілікке тәрбиелеу.	Отыру түрлері суреттері	1
10	Қазақша жату түрлері	Қазақша жату түрлерімен таныстыру. Өздерінің жату түрлерін анықтай алуға баулу.	Жату түрлері суреттері	1
11	Егін жинау науқаны	Егін туралы түсініктерін кеңейте отырып, оны жинау барысындағы атқарылатын жұмыстармен таныстыру. Еңбек, дәнді дақылдар туралы мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру.	Сюжетті суреттер	1
12	Сабан той	Күзгі науқан жайында түсінік беру. Күзде болатын мереке сабан тойымен таныстыру. Жемістер, көкөністер туралы жұмбақтарды шешу	Жеміс, көкөніс текшелер, суреттер.	1

Түйілген орамал



Алдымен кез-келген орамалды түйіп-түйіп доп тәріздес етіп алындар. Бір бала ортада тұрады, қалғандарың оны қоршап тұрасындар. Сыртта тұрған біреуіңнің қолында түйілген орамал болады. Берілген белгіден кейін ортада тұрған бала осы орамалды сендердің қолдарыңнан алып қоюға әрекеттенді. Ал, сендер бір-біріне лақтырып, қашып, ортадағы балаға түйілген орамалды бермеуге тырысуларың керек. Орамалды беріп қойған бала ортада жүрген баламен орнын алмастырады.

Көтермек



Ортаға екі бала шығындар. Бір-бірлеріне арқаларыңды тіреп тұрып қолдарыңды шынтақтастырыңдар. Жүргізушінің белгісінен кейін жерден қайсысың бұрын екіншіні көтеріп аласыңдар, ұтқан болып есептелесіңдер. Жеңіске жеткендерің ортада қалып, келесі баламен сайысқа түсесіңдер. Соңғы жеңімпаз анықталғанша, ойын осылай жалғаса береді.

«Түлкі қашты, біз күлдік» ойыны

Ойынға қатысушылар кең шеңбер жасап тұрады. Әрқайсысына нөмір тығылады. Бастаушы шеңбердің сыртында жүреді де, шеңберде қатар тұрған екі нөмірді атап шақырады. Мысалы, «Қоян, түлкі, жүгіріңдер!», - дейді. Нөмірі аталғандар шеңберден шығады да, жүгіре жөнеледі. Біреуі – қоян, екіншісі – түлкі. Қоян шеңбер жасап тұрғандарды айнала қашады, түлкі ізіне түсіп, қуады. Түлкі тек қоянның жүрген жолымен ғана жүгіруі тиіс. Егер түлкі жолдан адасса, не артына бұрылып кетсе, айып тартады. Жарты минуттай орнында қозғалмай тұруы тиіс. Түлкі қоянды қуып жететін болса, қоян ойыннан шығады. Бастаушының қасына барып тұрады. Егер түлкі өзі қуған қоянды ұстай алмаса, қоян өзінің орнына барып орналасады да, түлкі бастаушының қасына кетеді. Осыдан кейін бастаушы келесі нөмірді қуалай жөнеледі. Ойын осылайша жалғаса береді.

13	Қазақ ханы	Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай ханмен таныстыру	Абылай хан суреті	1
14	Қазақтың билері	Қазақ билері-Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би жайында түсінік беру. Татулық, достық туралы айтылған билер сөзінен үлгі келтіре отырып, ел бірлігінің маңыздылығы туралы айту.	Үш би суреті	1
15	Қазақтың билері	Балаларды үш бидің айтылған сөздері туралы түсініктерін кеңейтіп, бірнеше нақыл сөздерін жатқа айтуға үйрету.	Үш би сөздер жинағы	1
16	Қазақ батырлары	Қазақ батырларымен таныстыра отырып, батырлар ерлігі туралы қысқаша әңгімелеу.	Қазақ батырлар суреті	1
17	Сұрамақ	Сұрамақ туралы түсінік бере отырып, «Түлкі, түлкі, түлкішек» сұрамағын сұрамақ ретінде айтуды үйрету.	Сұрамақтар	1
18	Сұрамақ	Сұрамақты рөлдерге, шағын топтарға бөлініп орындау машықтарын қалыптастыру. Балалардың қызығушылығын арттыру.	Сұрамақ жиынтығы	1
19	Ағаштан жасалған ұлттық үй жиһаздары	Ағаштан жасалған үй жиһаздары туралы түсінік беру. Үй жиһаздарын жасайтын ағаш шебері-ұста туралы түсіндіру.	Ағаш үй жиһаздар суреті	1
20	Жүннен, матадан жасалған бұйымдар	Жүннен, матадан жасалған бұйымдармен таныстыру. Тігінші, кестеші, өрмек тоқушы мамандары туралы мәлімет беру.	Бұйым, тігінші, өрмек тоқушы суреттері.	1

Асық ату (омпы)



Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықы өтеді. Мақсат-көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған, басқа да түрлері бар.

21	Су-тіршілік көзі	Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып, суға қатысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын ашу, жадында ұстауға үйрету.	Су көзі суреттері, тыйым сөздер	1
22	Халық шеберлері	Шебер жайлы түсінік бере отырып, ағаш шебері, ұста, зергер мамандығы туралы, олардың қолынан шыққан бұйымдармен таныстыру.	Халық шеберлерінің суреті Түрлі бұйымдар	1
23	Төл теңгеміз	Балаларды төл ақшамыз-теңгемен таныстыру. Теңгеде елімізді айқындайтын белгілер болатынын түсіндіру.	Қазіргі ж/е бұрынғы теңге суреті	1
24	Жануарлар пірі	Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейтіп, олардың пірі болатыны жайында түсінік беру. Олардың атауларымен таныстыру.	Төрт түлік пен олардың пірінің суреттері	1
25	Үй жануарларын шақыру	Үй жануарларын шақыру сөздерімен таныстырып, шақыру өлеңдерін жатқа меңгерту.	Төрт түлік суреті	1
26	Дәннен жасалатын тағамдар	Ұлттық тағамдармен таныстыру, ұннан, дәнді-дақылдардан жасалған тағамдарды ажырата білуге үйрету.	Ұлттық тағамдар суреті	1
27	Нан-ас атасы	Нан түрлерімен таныстырып, нанды қастерлеуге үйрету. Нанға қатысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру.	Нан түрлерінің суреттері	1

Тақия тастамақ



Тақия тастамақ

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырыңдар. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреулерінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетулерің керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына келіп тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. «Тымпи»-ойынға қатысушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Орталарындағы бірі жүргізуші болып саналады. Ол, «Ал, ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс, тымпи!», деп бұйырады. Ойын шарты бойынша бұйрық берілгеннен кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Жүргізуші адам күлерлік қимыл қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуін күлдірудің амалын іздейді. Жаңылыстыру үшін, түрлі сұрақтар қояды. Біреу абайсызда жаңылып сөйлесе не күлсе, айып тартады. Айыбын өлеңжыр, ән-күймен өтей алады. Сондықтан да, ойынды жүргізушісі сөзге шешен, әзілкеш болуы тиіс.

28	Санамақтар	Санамақ туралы түсіндіріп, қолдану ерекшеліктерімен таныстыру. Санамақты жатқа айту арқылы балаларды ойында, т.б. қолдана білуге үйрету.	Санамақтар	1
29	Ұлттық көлік түрлері	Ұлттық көлік түрлерімен таныстыру. Бұл көліктердің қолданылу аясы туралы түсінік беру.	Ұлттық көліктер суреті	1
30	Ат және оның әбзелдері	Ат және оның әбзелдері жайында түсінік беру, әбзелдердің атауларымен, қолдану ерекшеліктерімен танысу.	Ат әбзелдердің суреттері.	1
31	Ұлттық ойындар	Балаларды ұлттық ойын түрлерімен таныстырып, оны іс жүзінде қолдана білуге төселдіру.	Ұлттық ойындар суреттері	1
32	Айтыс өнері	Сөз өнері айтыс туралы түсіндіру. Айтыстың ерекшеліктерімен таныстыру.	Айтыскер таспалары, суреттері	1
33	Айтыс өнері	Балаларды айтыс түрлерімен таныстыру. Қыз бала мен ер баланың айтысын жатқа айтуға үйрету.	Айтыскер таспалары, суреттері.	1
34	Қонақ күту рәсімі	Халқымыздың қонақ күту рәсімі туралы түсінік беру, қонақ күту дәстүрлерімен таныстыру. Қонақжайлыққа байланысты айтылатын ұлағатты сөздердің мағынасын түсіндіру.	Қонақ күтуге байланысты суреттер	1
35	Бата-тілектер	Балаларға бата-тілектердің маңызымен таныстыра отырып, оның түрлері туралы түсінік.	Бата-тілектер жинағы	1

Өтірік өлеңдер

Бір күні ірі Арыстан,
Балық мұны кешірмей,
Жұлып алды қайықтан.
Сәулесінен күннің,
Арқан естім бір күн.
Жүнін қырқып шілдің,
Жейде тоқып кидім.

Тау басына күріш ектім,
Суды айдан тасып септім.
Жинап алып егінімді
Тасбақамен үйге жеттім.

Мініп алып көбелекке
Жеттім айға ебелектеп,
Балық аулап теңізінен
Тауларынан тердім жидек.

Тазша баланың қырық өлеңі (үзінді)

Жүк артып инелікке, ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде: «өлдім-талдым»-әрең шештім.
Міндім де қара қоңыз, аяндадым,
Салдыртып аяңына қоян алдым.
Япыр-ай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым!

Киізден жасалатын киімдер

1. Байпақ. 2. Кебенек. 3. Киіз етік. 4. Киіз қалпақ. 5. Пима

Теріден жасалатын киімдер

Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар;
Тон.

Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ.

Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шоқай);
Шоңқайма.

Жүннен жасалатын киімдер

Жабағы күпі; Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық;
Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем
шекпен.

Киімге байланысты ырымдар:

Киімнің түймесін айқастырып салса, қуанышты хабар келеді.

Ілулі тұрған киімнің түймесін салмайды.

Аяқ киімді оң аяқпен бастап киеді, сол аяқтан шешеді.

Қонаққа келген сәбиге көгендік береді немесе киім алып
береді.

Шалбарды отырып, оң аяқтан киеді, сол аяқтан шешеді.

Ұлттық киім түрлері



Міндім де жасыл қоңыз соны құдым,
Басынан мұнар төбе сағым будым.
Дәулеттің құдай берген арқасында
Қанменен көйлегімнің кірін жудым.

Бергенде бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырды төңірекке.
Қоянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнектей көлбақаның жұмыртқасы
Болғандай енді өтірік несі қалды,
Түбінен шау қияқтың ердің қасы.

Өтірік өлең айтпаймын ең басынан,
Шылым қылдым шымшықтың қу басынан,
Қара шіркей етіне қазан толды,
Астау-астау ет қалды әр басынан.

Маса деген бірталай бақыр екен,
Сона деген қансорғыш пақыр екен,
Екеуінің қылығы асқынған соң,
Құмырсқалар жазалап жатыр екен.

Бүгелектің терісі – ер-тұрманым,
Қоян мініп, мен өзім жау қуғанмын.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Тұра қашқан түлкіні бір бұрмаймын.

Көлбақаның көнектей сүйегі бар,
Көртышқанның қырық құлаш үйегі бар.
Өзім барып, жерінен алып келдім,
Бір түлкінің қырық арба сүйегі бар!

Ұлттық ою-өрнектер

Көк әлеміне байланысты:

1. Ай.
2. Айшық.
3. Жарты ай.
4. Жұлдыз.
5. Кемпіркосақ.
6. Күн.
7. Шұғыла

Малға, оның денесі мен ізіне байланысты:

1. Айыртұяқ.
2. Арқар мүйіз.
3. Атерін.
4. Қошқармүйіз.
5. Тайтұяқ.
6. Түйетабан.
7. Омыртқа.

Аңға байланысты:

1. Бөріккөз
2. Бөрікұлақ.
3. Тиешек.
4. Иттабан.
5. Иттіс.

Құрт-құмырсқаларға байланысты:

1. Алақұрт.
2. Жұлдызқұрт.
3. Көбелек.
4. Құмырсқа.
5. Құмырсқа із.

Құстарға байланысты:

1. Қазмойын.
2. Қазтабан.
3. Құсқанат.
4. Құсмұрын.

Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі:

1. Ағаш.
2. Бітпес.
3. Гүл.
4. Жапырақ.
5. Жауқазынгүл.
6. Ирек.
7. Ирексу.
8. Өткізбе.
9. Райхангүл.
10. Су.
11. Үзілмес.
12. Үшжапырақ.
13. Шиыршық.

Қару-құралдарға байланысты:

1. Айбалта.
2. Айыр.
3. Балдақ.
4. Балта.
5. Қармақ.
6. Шынжыр.

Геометриялық фигуралар тектес:

1. Қосдөңгелек.
2. Қостұмарша.
3. Төртқұлақ.
4. Тұмарша.
5. Сүйір.

Текемет



Бөстек



Сырмақ



С а н д ы қ



Алаша – әр түрлі жүннен немесе әр түрлі түске боялған мақта мен жүннен тоқылған төсеніш. Оны екі түрлі әдіспен: түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақ жасап, әр түстерін, көп мәнерлі өрнектер түсіріп тоқиды.

Бөстек – адамдардың астына төсеуге арналған жұмсақ төсеніш. Ол малдың (көбінесе ешкінің) не аңның иленген жұмсақ терісіне киізден астар салып жасалады.

Жастық – адамның басына жастауға арналған үй жиһазы. Жастықтың ішіне көбінесе құстың мамығы салынып, сырты матамен тысталады. Оны «бидай шүберек» деп атайды.

Құстөсек – құс жүнінен(мамығынан) жасалған жұмсақ төсеніш. Құстөсектің үлкендігі оны төсейтін төсектің үлкен-кішілігіне қарай әр түрлі болады.

Сырмақ – киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Сырмақты түрлі-түсті киізден ойып, өрнек салып та, сондай-ақ шымқай ақ киіздің бетіне ақ, қызыл, сары маталардан ою бастырып та тігеді.

Текемет – бетіне түрлі-түсті ою-өрнек басылған киіз. Оның күзем жүннен басылған талдырма бетіне ақтай не қызылға, көкке, қараға не басқа түске боялған жүнді әр түрлі өрнекпен тартады.



Өлеңдер

Тіл мен ұлт

Тіл мен ұлт-егіз деп ұқ бұларды.
Ұлт-бәйтерек, тіл-нәр берер құнары.
Тіл қорланса, ұлт намысы тапталар,
Тілді қорғау-ұлтты қорғау бұл әрі!
Ана тілі-тілі анаңның бұл туған,
Қолдап, демеп, сүріндірмес бір сыннан.
Туған тілді ту ғып көкке көтердім,
Жан-жүрекпен, ар, тілекпен ұғып жүр,
Тілге құрмет-ұлтқа құрмет еткенін!

Төл теңге

Түні нұрлы, ақ таңы,
Жері гүлдей бақтағы.
Ел ырысы-тайқазан,
Төл теңгеміз қақпағы.
«Қазынамыз толығып,
Болсын дәйім жолы құт!
Төл теңге – ел тірегі»,-
Деп құрметтер оны жұрт.
Ел мұраты-төл теңге
Әл-қуаты-төл теңге.
Құнын жоймай, сеніммен
Жол ашады ол ертеңге.
Төл теңгеміз, ол-мұрат,
Қолжаулық болмас ол бірақ.
Ұлылардың бейнесі-
Ұлттаңба әрі елқұжат.

Ұлттық үй жиһаздары

Әбдіре – киім-кешек немесе басқа да бағалы бұйымдарды сақтауға арналған сандық. Оның көлемі әр түрлі болады. Әбдірені мықты, әрі жеңіл ағаштың тегістеп жонылған тақтайынан қиюластырып жасайды.

Кебеже – тамақ сақтауға арналған сандыққа ұқсас ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпағы сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді.

Сандық – киім-кешек, тағы басқа да заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған бұйым. Сандық – халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі.

Асадал – тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған кебеже тектес ыдыс. Асадал мықты әрі жеңіл ағаштан жасалады.

Асадал

Кебеже



Тілек



Тілек

Ұлыс күні құтты болсын,
Ақ кетпесін таңдайдан!
Ел іргесі мықты болсын,
Бақ кетпесін маңдайдан!
Аллаһу акбар!

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

Құстарға қарап ауа-райын болжау

Жалпы құстар

- келер күн ашық;
- үндері тынса, күн күркірейді;
- жыл құстары топтанып қайтса – келер қыс қатты;
- жыл құстары топ-тобымен бір мезгілде оралса, көктем тез кіреді;
- жер бауырлап ұшса, ауа-райы бұзылады;
- күзде ұясын күн түсетін жаққа салса, қыс суық көлеңке бетке салса, жылы болмақ;
- қыста үй төңіректей жиналып қиқуласса, қарды қазса, күн суытады.

Жаңбыр жауады

- төмендеп ұшса, топтанса, ұяларына қонып ықтаса, өзендегі, арықтағы суға түссе, үрейленіп шуласа, жем іздеуге ерте шықса;
- қиқуын тез тыйса, найзағай ойнайды.

Көкек

- таңертен ерте көкектесе, су бетін тұман жауын, шық мол түседі;
- ку-кулеген дауысы жиі естілсе – алдағы күн ашық.

Қарға

- ерте көктемде қарға шомылса, күн жылынады;
- жазда аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды;
- ағаш бұтақтарына жайғасып немесе шуылдасып топтанып ұшса, күн суытып, боран соғады;
- қыста терек басына қонақтап қарқылдаса, аяз тұрады;

Тауық

- жүнін үрпитіп қытқылдаса, ауа-райы бұзылады;
- құмға аунап, қанаттарын қаққылап сілкінсе, қауырсынын тарағыштаса, жаңбыр жауады;
- қораз кешке шақырса, ауа-райы өзгереді, күндіз жиі-жиі шақырса, күн жылынады;
- үстіне, төңірегіне топырақ шашса, күн шуақты болмақ;
- ұясына ерте қонақтаса, қыста аяз тұрмақ, жазда жаңбыр жаумақ;
- бір аяғын бауырына алып, екінші аяғымен қаздыып ұзақ тұрса, күн суытады;
- құйрығын бұландата берсе, бұрқасын соғады;
- жаңбыр сіркіреп тұрғанда далаға шығып жем іздесе, ақ жаңбыр ұзаққа созылады;
- жаңбырлы күндері қораз таң ата шақырса, күн ашылады;

Бата-тілектер


Аумин десең маған,
Құдай берсін саған.
Алтыннан – жағаң,
Күмістен – тағаң.
Оң жағыңнан кетпесін
Күрпілдек қара сабаң.
Жортсаң жолың болсын,
Жолдасың қыдыр болсын.
Тілеуің қабыл,
Мұратың асыл болсын.
Ішкенің қымыз,
Жегенің сырбаз,
Кигенің түлкі болсын,
Жүрген жерің ойын-күлкі болсын!

Пейіліңе қонақжай
Бата берем қолың жай:
Ақ жарылған жүрегің,
Қабыл болсын тілегің.

Дастарханың майлы,
Көңілің жайлы болсын.
Өміріңе не тілесен,
Тілегің қабыл болсын.

Әумин!

Ат әбзелдері



Ер-тұрман, тоқым, желдік, тебінгі, айыл, құйысқан, өмілдірік, қанжыға, үзеңгі, таралғы немесе үзеңгі бау, жүген, шылбыр, тізгін.

Қонақ күту рәсімі

Үйге келген мейманды – қонақ деп атайды. Қазақ халқының әдеп-ғұрпы бойынша үйге келген адам ішке баса көктеп кірмейді, сырттан дауыстап, үйдегілерге белгі береді. Үйге келген қонақ - тың міндетті түрде орындайтын ең бірінші шарты шаңыраққа сәлем беріп кіру. Түсте келген қонаққа түстік, кешке келген қонаққа үй иесі қонақасы береді. Қонақтар жасының үлкендігі мен мәртебесіне сәйкес төрден есікке қарай орналасады. Үй иесі болмаса келген қонақ ұсынылған астан дәм татқан соң басқа, үй иесі бар отбасына барып түнейді. Қонақты үй иесінің өзі есікті ашып қарсы алады. Олар кетерде үй иесі есікті ашып, шығарып салса, бұл қонақтарды қуған болып саналады.

Қонақтың түрлері:

Арнайы қонақ. Ол – әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-көлем, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер.

Құдайы қонақ. Бұлар – шалғай елден, алыс жерден жолаушылап жүріп сапарында көлігі болдырып немесе жолдан адасып, шар - шап, тынығу үшін қонған тосын, бөгде қонақ.

Қыдырма қонақ. Үйден-үйді, ауылдан-ауылды кезіп, ерігіп желіккен, үлкен сәлемшіл, кішіге баташыл, әжені аялап, жеңгені паналап, ағаға жол, ініге жел бергіш «кіріп шық» кезбе қонақтарды осылай атайды.

Қылқыма қонақ. Ол – ауыл ішіндегі, үй аралығындағы түтіні түзу шыққан үйді торып, құлқынын тойдыру үшін қолына тигенін, аузына түскенін қылқытып жалмай беретін ашқарақ, ар мен ұятты белге бұған тойымсыз, елеусіз қонақ.

Құтты қонақ. Қазақ халқында: «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», - деген нақыл бар. Бұл мейман келген кезінде түскен отбасында бір жақсылық, қуаныш болатын қонақ.

Ерулікті қонақ. Қоныста отырған ауыл үстіне көшіп келген отбасын құрметтеп, ерулік асқа шақырылған қонақты атайды.

Нан түрлері:

Мыжыма – ыстық нанды үзіп-үзіп сары маймен шарада араластырып жасайтын тағам. Ашығып келгенде тамақ піскенше мыжыма жеп алсаң, қарның тоқ.

Қиықша – қамырын жұқа илеп, жалпақтау әрі қиық-шалап кесіп алып, бауырсақ тәрізді майға пісіреді. Қиықшамен шай ішсең дәмі қандай тәтті десеңші.

Шелпек – Айт күндерінде, аруақтарды еске алғанда, ас бергенде пісіріледі. Қамырды жұқалап әзірлеп, майға пісіреді. Шелпек жеті нан, тоғыз нан болады.

Таба нан – табаға салып пісіріледі. Пісірер алдында қамыр бетіне бармақпен басып ойық жасайды. Қалыпқа салып пісірген наннан таба нан әлдеқайда дәмді де құнарлы.

Қазанжаппа – ұннан қамыр илеп, оны жұқалап, дөңгелек етіп жасайды да ыстық қазанға жапсырады. Піскен соң үстіне не май, не каймақ жағады.

Күлше – қатты иленген қамырды домалақтап, сопақшалап қызуы мол қоламтаға көміп, 15-20 минуттан соң алып, жейді.

Төңкерме – қызған қазанға бидай ұнын себелеп қуырып, басқа ыдысқа салып алып, қазанға мал майын турап шыжғырып, үстіне су, сүт құяды. Қуырылған ұнды қосып, тұз салып, араластырады да дастарханға қояды.

Нан салма – етке салатын 2-3 нан жайманы суға қайнатып пісіріп алады да алдын-ала сары майға қуырылған жұмыртқаны үстіне салып дайындайды.

Қолдама – сүтке немесе сорпаға иленген нанды майлы сорпаға салып пісіреді.

«**Сылқ етер**» - жайма наннан жасалады. Суға піскен жұмыртқаны үстіне турап салып, әкеледі.

Бүркеме – жаңа піскен ақ ірімшікті қамырға орап, бетіне май жағып, табаға салып, қоламтада пісіреді.